


Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы
Аманкелді орта мектебінің коммуналдық мекемесі

№ 1 «29» тамыз 2024ж.
Педагогесте қаралды



Бекітемін: Ж.Ж.Сундетов
Мектеп директоры



Келісемін: С.М.Қарабағина
Ойыл аудандық білім бөлімінің
басшысы С.М.Қарабағина
« » 2024ж.
№ хаттамасы

Тақырыбы: «Жұмбақтар сандығы» таңдау курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ
(2-сынып)

Пайдаланушы: Тоғайбаева С.
Ә/Б отырысында қаралды Тлеугалиева
Бірлестік жетекшісі: С.Ә.Тлеугалиева
№ 1 «28» тамыз 2024ж.
Тексерілді: Дүйсеғалиева
Оқу ісінің орынбасары: С.К. Дүйсеғалиева

2024-2025 оқу жылы

Құрастырғандар:Бисалиева Зульфира Жаксылыковна – Ә. Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог- зерттеуші

Жаркымбаева Даметкен Нургалиевна – Ә. Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог- сарапшы

Мысағалиева Асемгүл Токешовна – Құрман орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог- сарапшы

Пікір жазған:

Атшибаева Алия Рашевна – Ойыл ауданының білім бөліміне қарасты әдістемелік кабинетінің бастауыш сыныптар бойынша әдіскері
Жұмбақ-жас жеткіншектің ой-өрісін, алғырлығы мен қиялын дамытатын,білімдерін сынау мақсатынданақты бір зат немесе құбылысты тұспалдап сипаттайтын шағын әдеби жанр.Жұмбақ-таным құралы.Жұмбақтар ежелгі дәуірде туып,қазірге дейін ұзақ даму жолынан өтті.Демек, ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі.

Жұмбақта заттың түрі мен түсі, көлемі, қасиеті, сонымен бірге оның атқаратын қызметі не қимыл-әрекеті де айтылады.Жұмбақ шешуін табудың ауыр-жеңілдігі нысан суретінің қаншалықты толық,дәл берілуінде.Жұмбақ нысанына айналған байламдар өмірдің барша құбылыстарын тақырып ете алады.Табиғат құбылыстары, аспан әлемі, жан –жануарлар, құстар, адам, үй т.б.

Бастауыш сынып оқушыларын жоғарыда айтылғандай жан-жақты дамытуда «Жұмбақтар сандығы» элективті курсының берері мол.Бәсекеге қабілетті, сыни ойлай білетін, өз ойын дұрыс және тез жеткізе білетін,шебер,ұтымды сөйлей алатын оқушы даярлау үшін құрастырылған бағдарлама.Сондықтан бастауыш сынып педагогтарының элективті курс бағдарламасы аудан көлемінде мектептерге көмекші құрал ретінде ұсынылады. Бұл бағдарламада жұмбақтар әртүрлі топтарға бөлініп, әр сыныптың жас ерекшеліктері ескеріліп,берілген. 1-4 сыныптарға арналған «Жұмбақтар сандығы» курс бағдарламасы 1-сыныпқа аптасына 1-сағат, жылына 33 сағат ,2- 4 сыныптарға аптасына 1 - сағат,жылына 34 сағат жүктеме берілген.

Мазмұны

Алғы сөз	4-6 бет
Курстың мақсаты мен міндеттері	7 бет
Күтілетін нәтижелер.....	8 бет
Тақырыптық жоспарлар	
1-сынып.....	9-12бет
2-сынып.....	13-16бет
3-сынып.....	17-19бет
4-сынып.....	20-22бет
Қосымша материалдар.....	23-51бет
Пайдаланылған әдебиеттер	52бет

Алғы сөз

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық, сыни ойлауларын дамыту, ойы ұшқыр, тіл байлығы мол жеке тұлға қалыптастыру. «Жұмбақтарды не үшін ойлап тапқан»-деп біз жиі ойланамыз. Жұмбақтардың шешуін табу үлкендер мен балалар үшін ермек пен жағымды уақыт өткізу болып табылады. Бірақ шынайы келгенде ол бұлай емес. Жұмбақ- ертегілермен, тақпақ пен жаттамақтармен бірге қолданатын өзіндік көркем өнер шығарма.

Халықтық шығармалар ішінде балалар фольклорынан үлкен орын алатыны-жұмбақтар. Жұмбақтарды зерттеу білім алушыларға ақпаратты талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, өз ойларын талдау және қорытынды жасау қабілетін дамытуға көмектеседі. Жұмбақтардың шешімін Жұмбақтардың шешімін табу баланың зейінін, ықыласын арттырады, әр нәрсенің себебін іздестіріп табуға үйретеді. Жұмбақтар құпиясы баланы қызықтырып, әсерлендіре түседі, шешімін айтқызуға мәжбүр етеді. Бұл білім алушыларда эмпатия сезімін дамытуға көмегі зор. Баланың ұшқыр ойын іске, әрекетке қарай баулиды. Ой санасының қызмет етуіне серпін береді.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда жұмбақтың шығу тарихы өте ертеде болғанымен, бізге жеткені ХІХ ғасырдың екінші жартысында ел арасынан жинап алғандар Ш.Уәлиханов пен В.Радлов болғанын білеміз. М.Әуезов 1940 –жылы «Жұмбақтар» жинағын жазып, білім берерлік, дүниетанымды дамытарлық қасиеті барын айтқан.

Қазіргі кезде сабақ барысында жұмбақты шешу оқушылардың ой-өрісі, логикалық ойлау қабілетін дамытатын –ұтымды әдіс. Әдебиеттен басқа пәндерде де жұмбақтар, жұмбақты тапсырмалар қолданса, оқушының ой-өрісін дамытып, тәрбие береріміз анық. Білімге деген ынтасын арттырып, сергіту жаттығу түрінде қолданса, тиімді екенін байқаймыз. Жұмбақтың тақырыбы, мазмұны әр алуан болғандықтан күнделікті сабақта қолданып, оқушыларға ой тастап, тапқырлыққа, білмегенді білуге, ізденуге ой салатын тәрбиелік мәні бар халық шығармасы деп қараймыз. Жұмбақ әрбір заттың атқаратын қызметіне, жаратылысына, ерекше қасиетіне қарай құрастырылатындықтан астарлы, жасырын ойды анықтау үшін оқушылар логикалық байлам жасап, өз ойын айтады. Жалпы жұмбақта фантазиядан гөрі нақтылық, деректік басым болғандықтан, аз уақыт ішінде тез шешім қабылдап, жауабын табуға тиіс. Атап айтсақ, ой ұшқырлығын, ойлау жылдамдығын қажет етеді. М.Әуезов «Жұмбақ-адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді» деп, бекер айтпаған.

Жұмбақтар балалардың ұғымталдығын, ақылдылығын дамытып, қоршаған ортаны тануға көмектеседі. Халық ауыз шығармашылығына жататын жұмбақтар эпитетке, метафора мен афоризмға бай. Сондықтан да осындай жұмбақтарды қолдану балалардың сөздік қорын дамытады. Жұмбақтар балалардың есте сақтау қабілеттерін жаттықтырады, өйткені балалар тек жұмбақты шешіп қана қоймай, оларды жасыруды да ұнатады. Бұл тек жұмбақтың жауабы ғана емес, онымен қатар мәтіннің есте сақталуына әсер етеді. Бұның бәрі жұмбақтың шешуін табуды тек жағымды іс қана емес, әжептәуір пайдалы іс екенін көрсетеді. Жұмбақтар тіл үйренуде бірде – бір көмекші құралдардың бірі болып табылады. Әсіресе, олар бастауыш мектеп балаларына тіл үйретуде өзекті болып табылады.

Оқытуда ойын технологиясымен қатар, жұмбақтар жаңа лексикалық тақырыпты меңгертуде және жаттықтыру жаттығуларды өткізуде қолданылады. Жұмбақтар бұл тұрғыда ең берекелі материал болып табылады. Қазақ тілін үйретуде жұмбақтарды қолданудың маңызы зор. Жұмбақтарды шешу арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамиды, сөздік қорлары молаяды, тілдері жаттығады.

Олар балалардың зейінін жаңа лексикалық өлшемге, өзіндік буынға аударып, ықшам, бейнелі сөздердің үлгісі болады

Жұмбақ – қорытынды неғұрлым белгісіз сөзге қысқаша сипаттама береді, логикалық және танымдық жағынан қызықты. Жұмбақтар балаларға олардың дүниетану қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу мақсатында қолданылады. Ұйымдастырылған оқу іс –әрекетінде қолданылған жұмбақтардың арқасында үйренген сөздер балалардың есінде қалып, жадында сақталады. Сондықтан жұмбақтар бөлімге және күрделі дәрежесіне, балалардың жас ерекшелігіне қарай жинақтап алынды.

Жұмбақтар әсіресе көрнекі-бейнелі ойлауды қалыптастыруға пайдалы. Тілге үйрету- балалардың сөздік қорын дамытуда аянбай тер төгу. Жұмбақтарды қолдану арқылы тіл үйрету қызық, пайдалы және үйретуші ойынға айналуы мүмкін. Оңай тапсырмаларды шешу ұйымдастырылған оқу іс –әрекетінің ерекше элементі немесе тіл үйретуде балалармен жеке жұмыс болуы мүмкін. Жұмбақтар балалардың заттар туралы ана тіліндегі білімін бекітеді, ал басқа тілдегі шешуі жұмбақтағы заттың суретін анық, дұрыс бейне құруға көмектеседі, яғни сөздің мағынасын дұрыс бірнеше тілде естеріне сақтайды.

Жұмбақтар-жас буынның ақыл-ойын дамытуға бағытталған асыл мұра.

Жұмбақтардағы терең ой, терең мағынамен қатар, ондағы көркемдік шеберлікті қиыннан қиыстырып келтіреді. Бір зат екінші бір заттың-түр-түсіне балап, салыстыра айту, соған қиыстыра білу, ұқсастығын тауып көрсете алу, ойдың ұшқырлығы мен зеректігін танытады. Баланы да қызықтыратын осы жағы «ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды.» деп бұлт шыққан күннің көзін-ақ жібекке, бұлтты ақ сандыққа балап, соның толық мазмұнын аңғартатыны ғажап-ақ. Адам сүйсінерлік эстетикалық әсерлі сөздерді іздеп табатыны да шеберліктен туған.

«Міне, ерте айт», «Жұмбақ, айт», «Өлең айт» дегенде, осы келтірген үйреншікті сөздерді айтып бір-екі ауыз ерте, жұмбақ, өлең білмейтін қазақ болмаған. Бұлар балалардың жасын жатқа оқып үйренетін, ақыл, есін күшейтуге, сөзді тез жаттауға дағдылануға алған сабақтары тәрізді болған. Бұл сабақтар- балаларға сөзді есіне бекітуге үйрететін, сөзді тапқырлықпен, ұйқастырып, ырғаққа салуға төселдіре беретін, тілін шеберлей беруге үйрететін ойнақ сөздер. Баланың ой көлемі кеңейіп шыныққан сайын, жас ерекшелігі мен білім ерекшелігіне қарай жұмбақтардың шешімі қиындап, мағынасы тереңдеп, бірден-бірге күрделене береді. Жұмбақтың балаларға тағы бір пайдалы жағы-өз ойындағы құпияны шештіру, айтқызу арқылы оларға өмірді танытады. Айнала төңіректе болып жатқан түрлі құбылысқа зер салуға, соның себебін іздестіруге үйретеді. Қайнаған өмірге араласып кетуге қол бұлғайды, соған қызықтыра, асыға шақырады. Осындай өзгешеліктері болғандықтан, балалар жұмбақты құмарта тыңдайды. Соның шешімін өз жолдастарынан бұрынырақ табамын деп өзін-өзі іске, әрекетке, терең ойға-қабілеттілікке жұмылдыра түседі.

Дүниетану жолында баланы ойға, қиялға шомылдыратын, іске, әрекетке баулитын және ой, қиялдың шама-шарқын білдіретін құнды жанр. Дәлірек айтқанда, жұмбақ баланың фантазиялық ойын дамытатын жанр деуімізге болады. Ойлауды дамытудың оқытуға тікелей байланысы осы дамуды мақсатқа бағыттап басқаруға, оқытуды ойлау іс-әрекеттерінің белгілі типінің қалыптасуына себепкер боларлықтай етіп құруға мүмкіндік береді. Бұл мектептегі балалық шақта ойлауды дамытудың қай бағыты қажеттірек, адамның бүкіл келешек өмірі үшін ең басты мәселені алға қоюға түрткі болады. Жұмбақтың мазмұны мен құрылымының әдеби жанр ретіндегі ерекшеліктері балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға және сөйлеу мен ойлау дағдыларын қалыптастыруға, ойын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Жұмбақтарды болжау кезінде тек нәтиже маңызды емес, ол дұрыс жауап, сонымен қатар дәлелдеу, яғни жауаптың дұрыс табылғандығына дәлелдеу арқылы логикалық және дәйекті түрде сендіру әрекеті қалыптасатын болады. Бұл жағдайда жұмбақты балалардың өз ойларын дәлелдеу қабілетін қалыптастыру мақсатында пайдалану орынды болмақ. Осылайша, бұл жай ойын-сауық емес, ойлау мен дәлелдеу жаттығуларына айналады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа ала отырып, 1-4 кластарда логикалық ойлау қабілетін дамытуға және сөйлеу мен ойлау дағдыларын қалыптастыруға, ойын дәлелдеулерін арттыру мақсатында «Жұмбақтар сандығы» тақырыбымен элективтік курс бағдарламасы дайындалды.

Танымдық мақсаты.

Нақты бір зат туралы тұспалдау, ұқсатып, бейнелеп айта білу, і терең ойлану, танымдық, білімдік ұғымдар мен түсініктерді ой –қиял елегінен өткізу, тұжырым жасап, шешімге келу, тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау.

Есте сақтаудың түрлері, қиял мен зейінді қалыптастыру, дамыту. Жаңа шешімдерді іздеу, қажетті нәтижеге жету, ерекше тәсілдерін табу.

Дамытушылық мақсаты.

Оқушылардың ой-өрісі, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Ой елегінен өткізу, жауабын, пікірін айту, өзіндік қорытынды жасату. Осыған сәйкес қиял ұшқырлығын, сөйлеуді дамыту, фантазиялық ойын, өзіндік метатанымын арттыру.

Тәрбиелік мақсаты.

Жұмбақ - оқушы балалар мен жастарға білім берерлік тәрбиелік мәні бар құралдардың бірі. Өзара достыққа, ауызбіршілікке, бәсекелестікке, сайып келгенде, саналылыққа тәрбиелеу. Қорытынды жасау үшін ізденімпаздыққа, сенімділікке баулу.

Курстың міндеті:

-Курстың басты міндетті- оқушыларға білім жүйесінің негіздерін меңгерту, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін молайту.

-Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.

-Өзіндік жұмыс жағдаяттарын тиімді шешу.

Пәнаралық байланыс: әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі, дүниетану, логика негіздері, ұлттық дүниетаным.

Жұмыс түрлері: жеке, жұптық, топтық жұмыс, танымдық, зерделеу, құрастыру, салыстыру, қорытынды жасау, дәлелдеу.

Оқушылар білуі тиіс:

- шешімдерін табуды, салыстыруды, біріктіруді, жобалауды, талдауды, өз пікірін дәлелдеуді білуі;

- суретіне, қасиетіне, ортақ белгісіне, қолданысына қарай жұмбақ құрастыруды;

- өз қиялын ұштай отырып, жұмбақ құрастыра, шеше білуі;

Оқушылар істей алуы тиіс:

- ұшқыр және сыни ойлау;

- ой елегінен өткізе отырып, шешімін табу- жауабын айту және дәлелдей алу;- тақырыпқа сай жеке жұмыс жасай білуі.

Күтілетін нәтиже:

-Көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп, ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады.

-Жұмбақтарды мақсатқа, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талдап қолдана алады.

-Шығармашылығын шыңдайды, танымдық қабілеттері дамиды, өзіндік ой қорытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге дағдыланады.

-Жас ерекшеліктеріне қарай, өз бетімен жұмыстана, дәлелдей алады, бәсекелесе отырып өз шешімін айтатын, бірнеше жұмбақты жатқа білетін, тұрақты, өзіндік реттелген, жан-жақты дамыған тұлға қалыптасады.

-Көрнекі-бейнелі ойлауы қалыптасып, өз ойындағы құпияны шешу, айту арқылы олар өмірді таниды.

-Жұмбақтарды болжау кезінде тек нәтиже маңызды емес, ол дұрыс жауап, сонымен қатар дәлелдеу, яғни ауаптың дұрыс табылғандығына дәлелдеу арқылы логикалық және дәйекті түрде сендіру әрекеті қалыптасады.

2-класс аптасына 1 сағаттан - 34 сағат

№	Сабақ тақырыбы	Мақсаты	Пәнаралық байланыс	Сағат саны	Уақыты
1	Сыныптағы заттарды белгілері бойынша жұмбақтау	Заттарды белгілері бойынша сипаттау арқылы жұмбақ құрастыру дағдыларын қалыптастыру, шапшаң ойлауға, сөздік қорын молайтуға ықпал жасау	Жаратылыстану Әдебиеттік оқу	1	06.09
2-3	Берілген ұйқастарды орнына қойып, құрастырылған жұмбақтарды шешу	Ұйқас құра білу дағдыларын жетілдіру, ұйқас сөздерді дұрыс орналастырып, жұмбақтар құрастыру	Әдебиеттік оқу	2	13.09 20.09
4	Сөзжұмбақтар құрастыру, оларды шешу	Сөзжұмбақтар құрастыру арқылы білім, білік, ойлау дағдыларын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту	Бейнелеу өнері Ана тілі	1	27.09
5-6	Оқу құралдарына байланысты жұмбақтарды шешу	Оқу құралдарының оқушы өміріндегі маңызын түсінуге, оқу құралдарын таза, ұқыпты ұстауға қалыптастыру, сөздік қорларын молайту	Ана тілі Математика	2	04.10 11.10
7	Сайыс сабақ. Жұмбақтар сайысы	Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамытуға ықпал ете отырып, сыни ойлауға жетелеу		1	18.10
8	Табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар	Табиғат туралы білімдерін кеңейте іңісу, табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін ажырата алуға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту	Дүниетану Жаратылыстану	1	25.10
9-10	Заттардың бас әріптері арқылы жасырылған сөзді табу, оларға жұмбақтар құрастыру	Берілген заттардың атын ағай білу, ол заттардың бас әрпінен сөздер құрап оқу, сол сөз жауабы болатындай жұмбақ құрастыру, ойлануға жетелеу	Ана тілі Қазақ тілі	2	4.11 11.11
11-12	Ерекше белгілері бойынша жұмбақтар құрастыру, олардың суретін салу	Заттарды белгілері бойынша сипаттау арқылы жұмбақ құрастыру дағдыларын қалыптастыру, шапшаң ойлауға, сөздік қорын молайтуға ықпал жасау	Ана тілі Бейнелеу өнері	2	18.11 25.11

13	Метаграммалар шешу	Метаграммалар шешуге үйрету,пәнге, көп білуге қызығушылық тарын арттыру	Бейнелеу өнері	1	
14	Сурет арқылы белгілерін сипаттау, жұмбақ құрастыру	Көрсетілген суретті есте сақтай отырып, ол заттың белгілерін сипаттау арқылы жұмбақ құрастыру, есте сақтау, шапшаң ойлау қабілеттерін дамыту	Ана тілі Бейнелеу өнері	1	13.12
15	Кім шапшаң? Сайыс сабақ		Музыка Ана тілі	1	20.12
16-17	Дыбысталуы арқылы жасырылған жұмбақтарды шешу, суретін салу	Үй жануарларының дыбыстауын тыңдай отырып, ол қандай жануар екенін табу және оның суретін салу, саусақ қимылы моторикасын дамыту, қызығушылықтарын арттыру	Ана тілі Музыка Дүниетану	2	27.12 10.01
18	Аспан денелеріне қатысты жұмбақтар	Аспан денелерін ажырата білуге, дұрыс атай білуге үйрету, олардың адам өміріндегі маңызын түсіне білуге ықпал жасау	ЖаратылыстануМат ематика	1	17.01
19	Көп нүктенің орнына қажетті әріптерді табу	Көп нүктенің орнына қажетті әріпті таңдау арқылы шапшаң ойлау, сөздерді дұрыс құрау дағдыларын қалыптастыру	Қазақ тілі	1	24.01
20-21	Оқу құралдарына байланысты сөзжұмбақты шешу, өз бетінше сөзжұмбақ құрастырып үйрену	Оқу құралдарының оқушы өміріндегі маңызын түсінуге, сөзжұмбақ құрастыра алуға үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту	Ана тілі Математика	2	31.01 7.02
22-23	Жануарларға байланысты жұмбақтарды шешу	Үй жануарларының атын, төлдерін, олардың қалай дыбыстайтыны туралы түсінік қалыптастыру, адам өміріндегі маңызын білуге ықпал ету, сөйлеу тілдерін дамыту	Дүниетану Ана тілі	2	14.02 21.02
24	Ат әбзелдеріне қатысты жұмбақтар	Жылқы малы және оған қолданылатын құрал- жабдықтар туралы танысу, ат әбзелдерінің атауын есте сақтауға, сөздік қорда пайдалануға дағдыландыру	Ана тілі Бейнелеу өнері	1	28.02
25	Жұмбақ құрастырып жарысайық!	Шығармашылық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін, шапшаң ойлану икемділіктерін арттыру		1	7.03
26-27	Криптограммалар шешу	Криптограмманы шешуге үйрету, ойлау қабілеттерін, ғаламтор желісімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру	Ана тілі	2	14.03 4.04
28	Киіз үй жабдықтарына байланысты жұмбақтар	Киіз үй туралы ұғым ұалыптастыру, киіз үй бөліктері мен жабдықтары туралы түсініктерін кеңейту, ізденімпаздыққа жетелеу	Бейнелеу өнері	1	11.04
29-30	Қайда менің өз орным? Сөздерді дұрыс орналастырып, жұмбақтарды шешу	Ойнай отырып, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға төселдіру, сыни ойлауға, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа	Қазақ тілі	2	11.04 18.04

		тәрбиелеу			
31	Ұйқастарды тауып жұмбақтар құрастыру, шешуін табу	Ұйқас сөздерді құра білу дағдыларын жетілдіру, ұйқас сөздерді дұрыс орналастырып жұмбақ құрастыруға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту	Ана тілі Қазақ тілі	1	25.04
32-33	Тұрмыстық заттарға қатысты жұмбақтар	Күнделікті өмірде пайдаланатын заттарды танып- білу, оларды қайда пайдаланатынын ажырата алу дағдыларын дамыту, сөздік қорларын, ойлауын дамыту	Жаратылыстану Дүниетану	2	2.05 16.05
34	Қорытынды сабақ			1	23.05

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шығармашылы баспалдақтары Алматы 2003 ж
2. 777 жұмбақ. Алматы «Ана тілі» 1994 ж
3. Дидактикалық ойындар.
4. Әбжанов М.М. Қазақ халқының жұмбақтары. Алматы, 2003ж.
5. Бабаларсөзі: Жүзтомдық.—Астана: «Фолиант», 2010. Т. 64: Жұмбақтар. — 432 бет.
6. Ақ сандық, көк сандық Алматы - 1987 ж.
7. Айгөлек журналы 11, 2005 ж.
8. Әріптер сыры Алматыкітап 1995ж
9. Жыл он екі ай 5-6. 2013ж.
10. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы, 2013
11. М.Жазыбаев, С.Рахметова, А.Асқарбаева. «Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру», «Мектеп» баспасы
12. З.Мүфтибеков .«Қызықты грамматика» , Алматыкітап -2011
13. Интернет ресурстары